

## Қостанай ауданының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерінің атауларын өзгерту туралы

Қостанай облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің (он алтыншы сессия) 1998 жылғы 28 тамыздағы шешімі Қостанай облысының әділет басқармасында 1999 жылғы 23 наурызда N 65 тіркелген

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі кіріспесінде және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селоларының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылдарының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облысы мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай аудандық мәслихатының Қостанай ауданы әкімінің және сәйкесті аумақ тұрғындарының Қостанай ауданының Абай, Притобол ауылдық округтері мен Красный Октябрь, Красный Передовик ауылдарының атауларын өзгерту туралы ұсыныстарын қарап, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңның II бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты және Қостанай облысының әкімі ШЕШТІ:

1. Мыналардың атаулары өзгертілсін:

- Абай ауылдық округі Заречный ауылдық округі болып;
- Притобол ауылдық округі Жамбыл ауылдық округі болып;
- Совхозный ауылдық округі Октябрь ауылдық округі болып;
- Притобол ауылдық округінің Красный октябрь ауылы Алтын дала ауылы болып;
- Майкөл округінің Красный Передовик ауылы Арман ауылы болып;  
(Мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік Ономастикалық комиссиямен келісілген)

Сессия төрағасы

Қостанай облысының әкімі

Қостанай облыстық  
мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК